

## Қалалық бюджеттен қаржыландырылатын үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру ұстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттарын айқындау туралы

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 1020 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне енбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, қалалық бюджеттен қаржыландырылатын үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру ұстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттары айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ш. Кейкін

Атырау қаласы  
әкімдігінің 2025 жылғы  
24 сәуірдегі № 1020  
қаулысына қосымша

## Қалалық бюджеттен қаржыландырылатын үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру ұстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы қалалық бюджеттен қаржыландырылатын үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру ұстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттары "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне енбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасының негізінде әзірленді және қалалық бюджеттен қаржыландырылатын үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру ұстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттарын айқындауды.

## **2-тарау. Қалалық бюджеттен қаржыландырылатын үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу шарттары**

2. Үнталандыру үстемеақысы персоналды ынталандыру мақсатында белгіленетін төлем болып табылады.

3. Бюджеттік үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақысына ынталандыру үстемеақысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған материалдық көмектің және ынталандыру төлемінің бұрыннан бар түрлеріне қосымша төлем болып табылады.

4. Жұмыскерлердің лауазымдық айлықақысына ынталандыру үстемеақысын төлеу жұмыскерлердің еңбегін ынталандырудың төлем жасалған түрлерін (сыйлықақы, қосымша ақы, лауазымдарды қоса атқарғаны үшін, қамту аймағын кеңейткені үшін үстемеақы, үстеме жұмыс үшін ақы және басқалар) тоқтатуға негіз болып табылмайды.

5. Жұмыскерлердің лауазымдық айлықақысына ынталандыру үстемеақысын төлеу күнтізбелік жыл ішінде ай сайын жүзеге асырылады.

6. Үнталандыру үстемеақысы еңбекақының негізгі көрсеткіштерін, бюджет мүмкіндіктерін талдауға негізделе отырып және Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда жыл сайынғы негізде қайта қаралуы мүмкін.

7. Үнталандыру үстемеақыларын белгілеу құқығын беретін қызметкердің қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

1) орындаушылық және еңбек тәртібін сақтау;

2) белгілі бір кезеңдегі жұмыс нәтижелеріне қол жеткізу;

3) лауазымдық міндеттерді үлгілі және мінсіз орындау, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау және жұмыстағы басқа да жетістіктер;

4) үйымдардың одан әрі қалыпты (үздіксіз) жұмысы шұғыл орындалуына байланысты болатын шұғыл және алдын ала күтпеген жұмыстарды орындау;

5) егер уақытша болмаған жұмыскерді алмастырушы қызметкердің лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, қысқартылған және/немесе уақытша болмаған жұмыскерлердің функцияларын өзінің негізгі жұмысынан босамай орындау;

6) оған міндеттердің кеңейтілген шеңберін, жоғары кәсіби деңгеймен және құзыреттілікпен ұштастырылған жұмыстағы жеткілікті тәжірибе (өтіл) мен дағдыларды, оларды практикада табысты қолданумен, сондай-ақ басқа да көрсеткіштерді жүктеу;

7) бұдан басқа, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар құжаттармен жұмысты жүзеге асыратын қызметкерге лауазымдық жалақыға үстемеақы олардың орындалу көлеміне қарай, сондай-ақ оның кейбір құқықтарын шектегені және қосымша жауаптылығы үшін белгіленуі мүмкін;

8) үстемеақылар сондай-ақ мынадай объективті мән-жайларға байланысты қызметкерді төмен ақы төленетін лауазымға (неғұрлым женіл жұмысқа) ауыстыру (тағайындау) кезінде белгіленуі мүмкін: осы органда еңбек міндеттерін атқаруға

байланысты алынған еңбек мертігүі, кәсіптік ауруы немесе денсаулығының өзге де закымдануы еңбекке жарамдылығын қалпына келтіргенге, не мүгедектік белгіленгенге дейін.

8. Үнталаңдыру үстемеақысы:

- 1) жұмыскер сынақ мерзімінде болған кезенде;
- 2) алынбаған тәртіптік жаза болған кезде;
- 3) ұйымда бір айдан аз жұмыс істегендерге;
- 4) лауазымның тиісті санатының функцияларын уақытша атқарған жағдайда;
- 5) жұмыскердің еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде;
- 6) жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде;
- 7) оқу демалысы кезеңінде;
- 8) жүктілікке және бала (балалар) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс кезеңінде;
- 9) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде төленбейді.

9. Атырау қаласының қалалық бюджеті бюджеттік ұйым жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақысына ынталаңдыру үстемеақысы төлемін қаржыландыру көзі болып табылады.

10. Қалалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталаңдыру үстемеақылары Атырау қалалық мәслихатының шешімі бойынша белгіленеді.

**3-тарау. Қалалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталаңдыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі**

11. Лауазымдық жалақыға ынталаңдырушы үстемеақыларын белгілеу қалалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың дербес құрылымдық бөлімшелері басшыларының жазбаша ұсынысы негізінде Ұйымның басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен жүргізіледі.

12. Жазбаша ұсынимды дербес құрылымдық бөлімшелер қызметкерінің тікелей басшысы мемлекеттік ұйымның бірінші басшысына шығарады.

13. Ұсынимда қызметкердің тегі мен лауазымы, жәрдемақының негіздері мен мөлшері көрсетіледі.

14. Ұсынимды ұйым басшысы күнтізбелік 20 күннен аспайтын мерзімде қарайды.

15. Ұйымның басшысы ұсынимды қарау нәтижесінде лауазымдық жалақыға ынталаңдыру үстемеақысын белгілеуден бас тарту себептерін негіздей отырып келіседі немесе бас тартады.

16. 8-тармақта көрсетілген шарттар жұмыскерлерге ынталаңдыру үстемеақысын төлеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

17. Бюджеттік бағдарлама өкімшісі ынталандыру үстемеақысының белгіленген мөлшері негізінде қосымша бюджет қаражатына қажеттілікті қалыптастырады және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бюджеттік өтінімді жолдайды.

18. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес ынталандыру үстемеақысы бойынша қосымша қажеттілікті қалалық бюджет комиссиясына қарауға шығарады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК